

*Г.Қ. Шуланбекова, Ж. Ергозова*

## **МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚҰЖАТ**

Елімізде мал шаруашылығының қарыштап дамуы – халықтың әлеуетінің арта түсуіне ықпал етпек. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ел Үкіметі Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасының аясында «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын бекітті.

Үкімет жүзеге асырып отырған «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасының аясында етті ірі қара малдың басын көбейту және ел экспортының жалпы құрылымындағы агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық үлесін арттыру жоспарлануда. «2016 жылға қарай еттің экспорты 60 мың тоннаны құрауы керек, бұл 4 миллион тонна астыққа барабар. Мал шаруашылығын дамытуға мемлекет 130 миллиард теңге несие ресурсын бөледі. Бұл шара ауылда 20 мыңнан астам жұмыс орнын ашады, 100 мыңнан астам ауыл тұрғынына табыс көзін тауып береді», [1] - деп мәлім етті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында.

Сонымен қатар Елбасының ағымдағы жылы Қазақстан халқына жолдауында берілген тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңына өзгерістер енгізу жөнінде заң жобасы әзірленді және «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 2011-2015 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаулысы қабылданды [2]. Аталған заң жобасында келесі өзгерістер мен толықтырулар қарастырылған:

- мемлекеттік қолдау шараларын күшейту;
- «Асыл тұқымды мал зауыты» және «Асыл тұқымды шаруашылық» мәртебесін беру тәжірибесінен «Асыл тұқымды мал» мәртебесіне көшу арқылы асыл тұқымдық іс жүйесін реформалау;
- малдың асыл тұқымдық құндылығын бағалаудың әлемдік әдістеріне көшу;
- кейбір қызметтерді қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға беру арқылы мемлекеттік органдардың селекциялық асыл тұқымдық жұмысты реттеудегі әсерін төмендету;
- саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруды көздейді.

Қабылданған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру арқылы алдымыздағы 5 жылдың көлемінде елімізге шетел селекциясының асыл тұқымды 72 мың бас ірі қара мал әкелінетін болады. Бұл республика аумағында шаруашылық репродукторлар желісін құрып, асыл тұқымды генетикалық қорды жасақтауға мүмкіндік береді және Елбасының 2016 жылға дейін ірі қара мал етін 60,0 мың тоннаға дейін жеткізу тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді. Асылдандыру ісін халықаралық талаптарға сәйкестендіру мақсатында министрлік тарапынан жоғарыда айтылған заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларда асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қауымдастықтарды құруды және оларға асылдандыру ісін реттеу, асыл тұқымдық куәліктерді және асыл тұқымды мал мәртебесін беру құзіретін жүктеуді қарастырады.

Республикада мал тұқымын асылдандыру және асыл тұқымды малдың үлес салмағын арттыру Үкімет тарапынан бекітілген агроөнеркәсіп кешені саласын дамытуды қарастыратын салалық бағдарламада қамтылған. Осы бағдарламада республикадағы асыл тұқымды малдың салмағын 2016 жылға дейін 15%-ға жеткізу жоспарланып отыр. Ал қазіргі таңда республикада асыл тұқымды малдың жалпы үлес салмағы 9,4%-ға жетіп отыр. Сонымен қатар, етті ірі қара мал тұқымдары бойынша үш қоғамдық бірлестік: Қазақтың ақ бас тұқымы қауымдастығы, Агнус тұқымы қауымдастығы, Геррефорд тұқымы қауымдастығы құрылды.

Ал мемлекеттік бақылау функциялары қауымдастықтарға берілмейді, яғни бұл функцияларды асыл тұқымды мал шаруашылығындағы инспекциялардың өздері атқарады. Мұндай жағдай көпшілік экспорттаушы елдерде (Австралия, АҚШ, Канада) тәжірибеге енген. Осы әрекеттер болашақта малдың тұқымдық сапасын жақсарту есебінен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытудың тиімділігін жоғарылатуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда шетелдік тәжірибелер, ауыл шаруашылығы малдарын асылдандыру ісін жүзеге асыру арқылы оның өнімдерін өндіру көлемін арттыруға және сапасын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнын арзандатуға мүмкіндік беретінін дәлелдеп отыр. Көптеген шет елдерде бұл сала біршама ілгері дамыған, осыған орай отандық мал шаруашылығы өнімін экспорттау үшін ол өнім бәсекеге қабілетті болуы қажет.

Кедендік одақтың басты талабы – бәсекелестік. Кедендік одаққа мүше болғаннан бері елімізге ет, сүт өнімдері еркін келуде. Осы ретте отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін

арттыратын шараларды қолданудың қажеттілігі туындап отыр. Ресей мен Белоруссияда өндірілетін мал шаруашылығының кейбір өнімдерінің сапасы жоғары болғанына қарамастан, құны отандық өнімдердің бағасына тең.

Осыған орай Үкімет тарапынан отандық өнімнің бағасын төмендетуге, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға байланысты арнайы шаралар қолданылуда.

Республикалық бюджеттен субсидия ретінде қаржы бөлу арқылы мал шаруашылығы өнімін өндіру үшін жасалған шығындарды өтеу екі бюджеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

1) 083 бағдарлама асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға бағытталған бюджеттік бағдарлама.

2) 088 бағдарлама мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруға бағытталған.

Ет экспорттау үшін әлеуетімізді өсіруге тиіспіз. Елбасының халыққа жолдауында берген тапсырмасына сәйкес «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламаның шеңберінде келесі шаралардың жүзеге асырылуы жоспарланған:

- Қазақстан Республикасы асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасын жетілдіру;
- мал бордақылау алаңдарын, асыл тұқымды репродуктор-шаруашылықтарын және фермерлік шаруашылықтарды құру;
- мал шаруашылығы саласындағы мамандардың және мал шаруашылығымен айналысатын қызметкерлердің білімін жоғарылату;
- етті ірі қара мал саласындағы селекциялық жұмысты басқару орталығын құру;
- республикадағы жайылымдарды суландыру және олардың өнімділігін жоғарылату;
- ветеринария жүйесін халықаралық деңгейге сәйкес жетілдіру және ірі қара малды бірдейлендіру жұмыстарын жүргізу.

Дәл қазіргі таңда мал шаруашылығына қатысты қордаланған мәселелердің түйінін тарату қажет. Мал өнімін арттыру үшін ең бірінші кезекте сол малға азық беретін жерге үлкен қамқорлық керек болып отыр. Әуелі бүгінгі Қазақстандағы жердің жай-күйіне келсек. Жер ресурстарын басқару агенттігінің мәліметінше, соңғы жылдары шөлейттену үдерістеріне Қазақстанның жер аумағының 70 пайызы әртүрлі ықтимал мөлшерде ұшырап отыр. Жерге мониторинг жүргізудің нәтижесі мынадай: республика бойынша барлық егістік жерлердің (24,2 млн гектар) 16,3 млн гектарының сапасы жақсы болса, 2,0 млн гектары - тұзды, 2,5 млн гектары - сортаңданған екен. Ал жел және су эрозиясына бейім жерлер - 1,6 млн гектарды құрайды, 1,3 млн гектар аумақ – қиыршық тастақталған және 0,4 млн гектар жер шамадан тыс ылғалданған болып отыр [3]. Алаңдайтын тағы бір мәселе – жыл сайынғы топырақ құнарының жоғалуына қатысты болып отыр. Атап айтсақ, соңғы он жылда 17,7 млн гектар егістік жерге жүргізілген агрохимиялық зерттеу нәтижесі бойынша республиканың суарылмайтын егістігіндегі қарашірігі төмен аумақтар 60 пайызды, ал суармалы егістік бойынша олардың көрсеткіші 98 пайызды құрап отыр. Соңғы жылдары жерді тыңайту мүлдем назардан тыс қалған. Мәселен, 1990 жылы 1 гектар егістікке жұмсалатын тыңайтқыш мөлшері 19 келіні құраса, бұл көрсеткіш 2000 жылы - 0,7 келіні құрап, 2010 жылға қарай - 4,4 келіге жеткен. Ал халықтың тұрмысы шаруашылыққа байлаулы болып саналатын көбінесе оңтүстік өңірге тән суармалы жердің жайы тым мүшкіл. Мысалы, 2010 жылы 1991 жылмен салыстырғанда суармалы жерлер көлемі 298 мың гектарға азайса, 575 мың гектар суармалы жер ауыл шаруашылығы айналымынан шығып қалған. Пайдаланылымдағы суармалы жерлердің өзі көп күтімге зәру. Өйткені, қарапайым шаруаның қалтасы көтермей, соның салдарынан суармалы жердегі су және кәріздік жүйелері уақытылы тазаланбай ұйық басып, жердің сорлануына, тұздануына және өнімділігінің төмендеуіне әкеліп отыр. Суармалы жерлердің ауыспалы егіс жүйесінде жем-шөп дақылдарының көлемі ғылыми негізделген 32 пайыздың орнына 11,8 пайызды ғана құрайды. Сондықтан, бұл жерлерде аса бағалы, жоғары белокты жем-шөп дақылдарының көлемін 2-2,5 есеге ұлғайту керек. Ал ондай ұлғайту тек пайдаланылмай жатқан суармалы жерлерді айналымға енгізу арқылы ғана іске асырылады. Ол үшін суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсартуға тиісті көлемде субсидиялар мен несиелер берілуі керек. Жем-шөп дақылдарының көлемін ұлғайту, тұқым шаруашылығын дамытуды, оның көлемін 2-3 есеге көбейтуді керек етеді.

Мал өніміне тікелей ықпал ететін табиғи жайылымдардың жайы да көңіл қуантарлық емес. Мысалы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, елімізде 182 млн гектар табиғи жайылымның 70 млн гектары немесе 38 пайызы ғана пайдаланып келеді екен [4]. Бұл көрсеткіш 1990 жылмен салыстырғанда екі есеге аз. Бұдан бөлек, қолданыстағы жайылымдардың жартысынан көбі, малдың санының көптігінен, оның бір аумаққа ұзақ шоғырлануынан жұтаңдап, істен шыға бастаған. Алдағы уақытта саны онан сайын күрт өсетін мал басын жайылыммен толық қамтамасыз ету үшін жыл сайын миллиондаған гектар табиғи жайылымды игеру қажет етілетін көрінеді. Сондықтан да, Қ.

Айтаханов елімізде мал өнімі бағасын арзандату және етті экспорттау көлемін арттыру үшін негізгі бес мәселеге назар аудару қажеттігін алға тартады [5].

Біріншіден, жемдік астық дақылдарын өндіруге басымдық беріп, Үкімет тарапынан қолдау көрсету. Мемлекеттік жемдік астық қоры жасақталса игі.

Екіншіден, жоғары белокты, қажетті амин қышқылдары бар, сапалы жемшөп дақылдарын өсіру үшін суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қажетті субсидия беру жүзеге асуы шарт.

Үшіншіден, пайдаланылмай жатқан суармалы жерлерді айналымға ендіріп, жем-шөп дақылдарының көлемін ұлғайту үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдетілген, ұзақ мерзімді несие беру шешімін тапқаны абзал.

Төртіншіден, мал өнімдерінің өзіндік құнының 40-45 пайызын мал азығы құрайтынын ескере отырып, оның көлемі мен сапасын арттыру қажет. Осы мақсатта жем-шөп дақылдарының тұқым шаруашылығы мен құрама жем өндірісін дамытуға бағытталған ынталандыру шараларын қарастыру керек.

Бесіншіден, еліміздегі табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану, мал басын және оның өнімділігін арттыру үшін мал жайылымдарын суландыру мақсатында арнайы бағдарлама жасалса игі. Суармалы жерлерге арнайы ұнғымалар мен құдық, тағы басқа суландыру жүйелерін енгізгеннен ұтар көп.

Қырғыздарда ауыл шаруашылығы саласының жалпы ішкі өнімдегі үлес салмағы 35 пайыз, ал біздікі – не бары 6-ақ пайыз. Қырғыздарда «Жайылым туралы» арнайы заң бар. Сол секілді Ауыл шаруашылығы министрлігі жанында Жайылым бойынша арнайы департамент те жұмыс істейді. Ал бізде кезінде жекешелендіру деп біреулер жайылым жерді сатып немесе 40-50 жылға жалға алды. Қазір ол жерлер бостан-босқа қараусыз жатыр. Бірақ олардың қожайыны бұл жерге жеке малының жайылуына, шөп шабуға рұқсат бермейді. Міне, аталған заң жобасында осындай кереғарлыққа ие құқықты жойып, оған түзету енгізу керек. Мұндай заң көрші Ресейде де қабылданған. Соған сәйкес олар ірі-ұсақ деп бөлмей, барлық мал басына бірдей мемлекеттік деңгейде жағдай жасап отыр. Ал бізде бұл ретте бөліп-жару бар. Ұсақ мал шаруашылықтары мемлекеттің көмегіне зәру, бірақ оларға жағдай жасалмайды. Ірі мал шаруашылықтарына берілгендей, ұсағына да мемлекет субсидия бөлуі керек. Сол секілді ұсақ мал шаруашылықтарын ірілендіру қажет. Бұл – ауқымды шара. Оның бірнеше жолы бар. Соның тиімдісін қабылдауға мемлекет мүдделі болуы керек. Ірісінен бастап, ұсақ мал шаруашылықтарына дейін жаппай жан-жақты қолдау көрсетудің әртүрлі жолдары анықталған кезде, бұл салада қандай да бір дамуға қол жеткіземіз деп ойлаймын.

Мамандар тарапынан көтерілген тағы бір назар аударарлық мәселе – жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру. Ресми мәліметке жүгінсек, былтыр күздегі дерек бойынша елімізде 207,9 мың шаруа және фермер қожалықтары, 6,1 мың акционерлік қоғамдар немесе шаруа серіктестіктері, 1,3 мың өндірістік кооперативтері жұмыс істеуде. Олардың иеліктеріне барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің 98,4 пайызы беріліпті. «Өкінішке қарай, соңғы 15 жылда ауыл шаруашылығы саласында басты назар жердің құқықтық мәнісіне, яғни меншік мәселесіне қарай ойысып кетті. Кеңес одағы ыдырағаннан соң сол жүйеде қалған ұжымшар, кеңшар жерлерін таратуға көп көңіл бөлініп, жер сапасы жағдайына мән берілмеді. Әсіресе, жерді тиімді пайдаланудың бірден-бір құрамдас бөлігі саналатын ішкі шаруашылықты дұрыс жерлерге орналастыру жобалары ұдайы кейінге шегеріліп келді. Ондай жобаны жасауға бюджеттен соңғы 15 жылда бір тиын да қарастырылмады. Аталған мәселені шешу жерді тиімді пайдалануға өз септігін тигізеді» [6].

Жерді тиімсіз немесе мақсатқа сай пайдаланбау нәтижесінде жайылым мен шабындық біртіндеп жарамсыздық болып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, мамандар жердің құнарлылығы жоғалып бара жатқанымен қоса, оны тиімді пайдалану мәселелері әлі де қажетті деңгейде шешілмей жатқанына назар аудартады [7]. Сондықтан да, Елбасы Жолдауында жүктелген ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігін арттыруды қолға алмастан бұрын, алдымен мамандардың жердің жай-күйіне қатысты маңызды ойларын сарапқа салған дұрыс болар.

Сонымен бірге мал шаруашылығына қажетті жемшөп мәселесімен бізде ешкім айналыспайды, бұған жауап беретін тікелей құзырлы орган да жоқ. Мысалы, шетелде жемшөптің құнын дотациялау, жасанды ұрықтандыруды қолдау, ветеринарлық қызмет құнын мейлінше төмен ұстау арқылы мемлекет жекеменшіктің мал өсіруіне жағдай жасайды. Соның арқасында Австралия, АҚШ, Канада елдері ірі ет экспорттаушы мемлекеттерге айналып отыр. Олардан тыс, бұрынғы КСРО-ның құрамынан шыққан Польша да нарықтық қарым-қатынасқа тез бейімделіп, қысқа мерзім ішінде ет экспорттауға қол жеткізді. Мұндай жетістікке Польша ауыл халқының қажеттілігі мен сұранысына түсіністікпен қараудың арқасында ие болды. Негізі, бізге бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттердің мал шаруашылығын нарықтың жолына дұрыс қоя білгендерінен үлгі алу керек.

Сонда халықтың әл-ауқатын арттырып қана қоймай, үйде отырған жұртты жұмыспен қамтуға, бюджеттен тыс нәпақа табуға, нарықты да етпен, сүтпен қамтуға болады.

Әлемдегі жыл сайынғы сиыр етінің экспорты мен импорты шамамен 8 миллион тоннаны құрайды. Тұтыну көлемі өсуде, ал өндіріс оны қуып жете алмай келеді. Негізгі экспортшылар – Аргентина, Бразилия, Уругвай – өздерінің мүмкіндігі шегінде жұмыс істейді. Өсіп келе жатқан сұранысты Қазақстан сияқты жаңа нарықтардың есебінен қанағаттандыруға болады.

Ресей Қазақстанның бірқатар Атырау, Ақтөбе, Шығыс-Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстарынан мал өнімдерінің экспортына салынған тыйымды алып тастады.

Еліміздің шығыс өңірі мал шаруашылығы кеңінен қанат жайған аймаққа жатады. Бұл аймақ ірі қара мал басының, қойдың көптігімен танымал. Сүтті де көп өндіреді. Негізі, мал шаруашылығы бойынша елімізде Алматы облысынан кейін Шығыс Қазақстан облысы алдыңғы қатардағы орынды иемденеді. Сонымен бірге Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының территорияларынан мал өнімдерінің экспортына тыйым салынған. Бірақ онда термикалық өңдеуден өткен мал өнімдерінің экспортына рұқсат.

Қазақстандық ет экологиялық таза және дәмді. Жалпы әлемдік санитарлық және ветеринарлық стандарттарға сәйкес еттің ірі көлемін қалыптастыру үшін инфрақұрылым құру қажет. Біз сонда ғана сапа шартына сай етті тұрақты түрде және аса мол көлемде экспорттай аламыз.

Қазақстан, Ресей және Беларусьті біріктірген Кеден одағының құрылып, соның аясында әкімшілік кедергілердің алынып тасталуы бізге етті Ресей нарығына экспорттауға жол ашады. Олар жыл сайын 1,7 миллион ет, соның ішінде 800 мың тоннадай сиыр етін импорттайды. Осылардың бәрі бізге мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін дамыту үшін және 2016 жылы сиыр етінің экспортын 60 мың тоннаға дейін жеткізуге жағдай жасау үшін зор мүмкіндік береді.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың бірден бір жолы – мал шаруашылығын дамыта түсу болмақ. Мемлекет те бұл саланы дамытуға ден қойып келеді. Оның дәлелі ретінде биыл Астанада өткен халықаралық мал шаруашылығы форумын айтуға болады. Ет экспортын жолға қою, мал өнімін алдымен Ресей нарығына жеткізу – негізгі міндеттердің бірі болып саналды. Бұл орайда шағын және орта фермерлік қожалықтарға мемлекеттің арнайы бағдарламасы демеу болмақ. Стратегиялық маңызы бар құжат саланың экспорттық әлеуетін арттыруға өз септігін тигізетіні анық.

1. Назарбаев Н. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы. 28.01.2011.
2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі №278 Заңы. ҚР 2011.07.05 №452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізілді)
3. Өзібеков Ө. // Қазақстанның жер ресурстары» журналы №6, 2010.
4. <http://www.minagri.kz>
5. Айтаханов Қ. Республикадағы мал шаруашылығын дамыту туралы. 10.02.2011
6. Малдан мал өнім алу үшін алдымен жерді құнарландыруға мән беру керек. «ҚазАгроИнновация» АҚ // Білім Беру Жүйесін Дамыту Департаменті. 2011. 17.02.
7. Мамытбеков А. Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың еңселі саласы // Шаруа анықтамалығы 2011, № 10 (34)

\*\*\*

В последнее время за счет государственной поддержки в животноводстве проявляется положительная тенденция. Продолжается процесс специализации и концентрации животноводческих производств и его замена на производственную основу. На пути дальнейшего укрепления конкурентоспособности есть еще нерешенные проблемы, однако в настоящее время в целях повышения конкурентоспособности животноводства принимаются специальные меры, реализуется концепция стабильного развития животноводства и создается система поддержки со стороны государства.

\*\*\*

In the last time, there's a good tendency in animal husbandry because of the state support. Process of specialization and concentration of cattle-breeding manufactures and its replacement by an industrial basis proceeds. On a way of the further strengthening of competitiveness there are still unresolved problems, however now with a view of increase of competitiveness of animal industries special measures are taken, the concept of stable development of animal industries is realized and the system of support is created from the government.

*М.К. Накишева, М.Р. Закирова*

## ЖЕР ДАУЫ – ҚОҒАМ МӘСЕЛЕСІ

Жер теліміне байланысты даулар көп кездесетін үдеріс болғандықтан, жеке меншікке жер алу, онда үй-жай, құрылыс салумен шұғылданатын азаматтар жер туралы заңдардың қағидаттары мен міндеттерін толық білуі шарт екені белгілі. Бөлінген жердің меншік иесі болуға және оны алудың жолдары мен оны пайдаланудың құқықтық жауапкершілігі туралы ақпараттар аз берілетіні анық. Осыған орай жалпы теория жүзінде және тәжірибеден мысалдар келтіре отырып, қысқаша мәліметке тоқталып өтсек.